

2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 20 ақпандағы № 41 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 18 наурызда № 5841 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 24 қазандағы № 251 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 24.10.2017 № 251 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына , "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулы 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж.Қ.Шахпұтоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Астрахан ауданы әкімінің
міндетін атқарушы*

Н.Сейілов

Астрахан ауданы әкімдігінің
2017 жылғы "20" ақпан
№ 41 қаулысымен
бекітілген

2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

№	Мектепке дейінгі ұйымның түрі	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны		Мектепке дейінгі ұйымдарында айына жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері (теңге)	
		мемлекеттік	жекеменшік	мемлекеттік	жекеменшік
1	Балабақша	220	50	23870	23870
2	Толық күн болатын шағын орталық	0	0	0	0
3	Жарты күн болатын шағын орталық	262	0	8461	0

кестенің жалғасы:

Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығындарының орташа құны (теңге)		Мектепке дейінгі ұйымдарында айына ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге)	
мемлекеттік	жеке-меншік	мемлекеттік	жеке-меншік
23870	23870	8900	10000
0	0	0	0
8461	0	0	0